

Заңды Жауапкершілік




Әбдінәсір А.

Б

119-15 тобы

**Заңды Жауапкершілік –
заңды тұлғаны немесе
жеке тұлғаны кейбір
әрекеттерді орындауға
немесе оларды
орындаудан қалыс
қалуға заңмен
мәжбүрлеу шарасы.**



Заңды жауапкершілік бірнеше түрге бөлінеді:

Тәртіптік жауапкершілік – еңбек тәртібін бұзушыларға ықпал жасау нысаны, ол бойынша қызметкер жұмыс істейтін фирма әкімшілігі оған еңбек тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдануға құқылы;

Әкімшілік жаза – азаматтар мен лауазымды адамдардың қызмет бабында әкімшілік құқық бұзғаны үшін оларға ықпал жасау нысаны, ол бойынша ескерту жасау, айыппұл төлету, кейбір құқықтарынан айыру, еңбекпен түзеу жұмысына жіберу, әкімшілік қамауға алу т.б шаралар қолданылады;


Азаматтық құқықтық жаза – экономикалық шарттарды, мәмілелерді, тағы басқалар бұзғаны т.б ол бойынша залалдардың, алынбаған табыстың орнын толтыру, тұрақсыздық айыбын төлету, тағы басқалар шаралар қолданылады;

Қылмыстық жаза – қылмыс жасағаны үшін, кәмелетке толмағандарды қылмысқа баулығаны үшін, заңды тұлғаларға, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға, ол бойынша айыппұл төлету, лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру, тағы басқалар қолданылады;

Заңды жауапкершіліктің функциялары:

- 1. Жазалау — құқық бұзушыға, қоғамның басқа да мүшелеріне, келешекте құқық бұзушылыққа жол бермеуін ескертеді.**
- 2. Бұзылған құқықты қалпына келтіру азаматтық құқық пен реттелетін қоғамдық қатынастарға сәйкес, бұзылған құқықты қалпына келтіреді.**
- 3. Тәрбиелік азаматтық заңды сақтап, өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге баулиды.**



A golden scale of justice and a wooden gavel resting on an open book. The scale is in the background, and the gavel is in the foreground. The book is open, and the pages are visible. The lighting is warm and golden.

Мәжбүрлі қажеттілік жағдайда келтірілген зиян заңды деп танылады:

— Егер төнген қауіптен сол сәтте қорғайтын мүддеге зиян келтірмей бетін қайтаруға болмаса.

— Егер келтірілген зиян бетін қайтарған зияннан әлдеқайда кем болса (үлкен үйді, өрттен сақтап қалу үшін жанып жатқан төбесін қирату, жараланған адамды жедел емханаға жеткізу үшін біреудің көлігін рұқсатсызайдап кету т.с.с).

**Заңды
жауапкершіліктің
заңды негізі — құқық
бұзушылық болып
табылады. Егерде
субъектінің іс-әрекеті
құқық бұзушылықтың
белгілеріне сәйкес
келмесе онда ол заңды
жауапкершілікке
тартылмайды.**



Құқық бұзушылықты болдырмаудың; бірден-бір шарты құқықтық және қоғамдық тәртібінің сақталуына келіп тірелмек. Қоғам құқықтық тәртібіне негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады деген сөз. Өйткені қоғамдағы толып жатқан қарым-қатынастың басым көпшілігі құқық арқылы басқарылып, құқықтық іс-әрекет арқылы реттеліп отырады

